

Shet shugylasy



Shet aýdandyq qoǵamdyq-saasi gazetі Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady beisenbi, 9 naýрыз 2023 jyl 10 (11 052)

Салтанатты жиын

ТИРШЛІКТИҢ ТІРЕГІ - АНА

Әдемілік пен өмірдің, махабат пен үміттің бейнесіндей болған көгілдір көктемнің алғашқы айында болатын аналар мерекесіне арналған салтанатты жиын аудандық мәдениет үйінде өтті. Мерекеге орай әсем безендірілген сахна төрінен көктемнің шуағындай төгілген әуен сазы көңілді көкке өрлетіп, шабытын-

М.Мұхтаров құттықтап, көпбалалы аналар Сектаева Әсем Жанболатқызына, Булкенова Назерке Қыдырбайқызына “Алтын алқаны” және Кейкина Жарқынай Құрманғазықызына “Күміс алқаны” табыс етті. Сонымен қатар, ауданымыздың қоғамдық саяси өмірінде белсенділігімен көзге түсіп, әр салада жемісті еңбек етіп

ты. Жиналған көпшілік елімізге белгілі әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Майра Ілиясованың орындауындағы “Айналдым елім”, “Армандастар, құрдастар”, “Анаға сәлем” тағы басқа да жылдар өтсе де, ұмытылмаған әндерге көпшілік ұзақ қол соғып, қошемет көрсетті. Сондай-ақ, “Толағай” ата-әжелер ансамблі және мәдени-сауық орталығының өнерпаздары ән мен жырдан шашу шашты. Әнші Майра Ілия-

сованың ұйымдастыруымен ән сайысы өткізіліп, ақшалай сыйлықтар табыс етілді.

Өміріміздің гүлі, әр отбасының бақ, күні, әр шаңырақтың шаттығы бола білген абзал аналарға, ару қыз-келіншектер мен апақарындастарымызға арналып ауданның барлық елді-мекендерінде мерекелік салтанатты жиындар өткізілді.

Өз тілшімізден.



ды шалқытқандай. Кең зал іші келушілерге лық толды.

Салтанатты жиында балдай тәтті тірліктің мәні де, сәні де болған ардақты аналарды, ару қыз-келіншектерді аудан әкімі

жүрген бір топ қыз-келіншектерді аудан әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен марапаттады.

Салтанатты жиналыстың соңы үлкен мерекелік концертке ұлас-



Мереке шуағы

АНАЛАРҒА ҚҰРМЕТ



8 наурыз мерекесі қарсаңында аудан әкімі М.Мұхтаров ұзақ жылдар балалар медбикесі болып еңбек еткен Әбеуова Тәйтөлеу мен аудандық оқу бөлімінде бас есепші қызметін атқарған Нұрғайша Сауырқызын шуақты көктемнің мерейлі мерекесі күнімен құттықтап,

мерекелік сыйлықтарын табыс етті.

Ұзақ жылдар жемісті еңбек етіп, қомақты үлестерін қоса білген еңбек ардагерлері арнайы құрмет көрсете келген аудан басшысына ризашылықтарын білдіріп, алғыстарын айтты.

Қысқа ХАБАРЛАР

ӘКІМДЕР ЕСЕП БЕРУДЕ



Ақжал, Ақшатау, Мойынты, Ақадыр кенттері мен Киікті, Босаға, Ақсу-Аюлы ауылдық округтері әкімдері тұрғындар алдында атқарылған жұмыстарын баяндап, алдағы жоспарларымен бөлісті.

Есеп беру кездесулеріне аудан әкімі М.Мұхтаров және аудан әкімінің орынбасары Д.Кәрсембаев пен ауданның бөлім басшылары қатысты.

Есеп беру кездесулерінде тұрғындар тарапынан қойылған сауалдардың негізі - медицина саласын жандандыру, бұралқы итерді жою, ішкі көше жолдарының жөнделуі, тротуарлар салынаса, жарық бағаналары орнатылса, сондай-ақ, құрылыс жұмыстарына қатысты өтініштерімен қатар, ұсыныстарын жеткізді.

Аудан әкімі есеп беру кездесулерінде көтерілген мәселелердің назардан тыс қалмайтынын, жұмыс жоспарына алып, жеке бақылауында болатынын айтып, алдағы уақытта атқарылатын бірқатар жұмыстарға тоқталып өтті. Сондай-ақ, тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ БАҚЫЛАУДА

Аудан әкімінің тапсырмасына сәйкес көктемгі су тасқынына дайындық жұмыстары жүруде. Осыған сәйкес, Төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы М.Жапаров бастаған төтенше жағдайлар қызметінің мамандары аудан аумағындағы су басу қаупі бар елді мекендерді және су қоймаларын тексеріп, көруде. Мамандар Ақалыр, С.Сейфуллин кенттері және Нұраталды, Талды, Красная поляна, Ақой, Батык, Бұрма, Шет, Тағылы, Төменгі Қайрақты ауылдық округтерін және “Танатбай”, “Красная поляна” су қоймаларын барып көрді. Сонымен қатар, ауылдық округ әкімдіктерінің көктемгі су тасқыны кезеңіндегі төтенше жағдайлардың алдын алуға қатысты құжаттарымен, сондай-ақ, арықтар мен суағар құбырлардың тазалығын және елді мекендердегі қар тазалау жұмыстары тексерілді.

Өз тілшімізден.



Бәрекедi!

АҢСАҒАН ЕУРОПА ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ!



Ағымдағы жылдың 23-27 ақпан аралығында Франция елінің Канн қаласында тоғызқұлақтан Еуропа кубогы өткен болатын. Аталмыш байрақты бәсекеге Қазақстан, Франция, Италия, Ұлыбритания және Марокко елінен спортшылар қатысып, жерлесіміз Аңсаған Қожанәсіп әйелдер арасында бірінші орынды иеленді.

Айта кетейік, бұл ұлттық ойын

ауданымызда Ақадыр кентінде жақсы дамыған. Осы мектептен тәлім алған Аңсаған бұдан бұрын да түрлі деңгейдегі жарыстарда оза шауып, ел намысын қорғап жүрген санаулы ойыншыларымыздың бірі.

Жеңістен жеңіске жете бер, Аңсаған!

Өз тілшімізден.



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ - ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Халықтың банк алдындағы қарызы 11 триллионға жетті. Еліміздегі жалпы халық саны 19 миллион болса, оның тек 3 миллионында ғана несие жоқ. Сонда әр 100 адамның 94-де қарыз бар деген сөз. Осы орайда, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтардың шамадан тыс қарыз жүктемесін азайту мақсатында «Жеке тұлғалардың банкроттығы» туралы Заңға қол қойды.

«ORTALYQ QAZAQSTAN» газеті



Тағзым

БАУЫРЫМ КӘМЕЛ ЖАЙЛЫ

Замандас, сырлас бауырым Кәмел екеуіміз бірге тумасақ та бір туғандай болып біріміздің жоғымызды біріміз жоқтап, бір-бірімізді іздеп тұрушы едік. Сен бірде «Мен Шетте туған екенмін» деген едің. Солай да шығар, өйткені Шетте ауылдың біраз адамдары қызмет істеген болатын. Соғыстан бұрынғы жылдары Әрін милиция башысы болып жұмыс жасаған. Мәнің өкем Тұрсын соғысқа жарамсыз болып 1941-1942 жылдары милицияда істеп, абақты күзетін-де болған екен. «Абақтыда жатқандарға келушілер таныс адамдар болып кіргізбесем олар ренжиді, кіргізсем үстімнен бақылайтын белсенділер бар» дейтін. Содан шыдай алмай арыз беріп, ауылға келген еді.



Жүніс өкеміз де Шет ауданында қызметте жүрді, үйде көп болмайтын. Біз өзің айтатын Мақыш мектебінен 1-класдан 3-класқа дейін бірге оқыдық. 1947 жылы маусымның 22-сі күні өкем Тұрсын қайтыс болып, біз 7 бала жетім қалдық. Содан бір жылдан кейін сіздің үй Шетке көшіп кеттіңдер. Сен оқуға зерек едің, көп мәселені мұғалімге сұрақ қойып, анықтап білгің келетін. 10-класты бітірген соң Қарағандыға пединститутқа түсіп оқып жүріп, Алаш ардагерлерінің жалғасы «Есеп» партиясын құрдыңдар. Онда «екі адам ғана бірімізді біріміз біліп, үшінші адам білмеу керек» дегенді қатаң ұстандыңдар. Себебі ұстала қалсақ, екі адам жауапты болып, басқалар аман қалу керек деген мақсат болды. Компартияның кезінде жастардың бұл бастамалары асқан батырлық еді.

Демалыс уақытында ауылға келіп-кетіп жүруші едің. Қайрақтыда Жаман-қожа ағайдың үйімен Тұрабай ақсақалдың үйлері көрші тұратын. Сонда келіп жүріп Түрекеңнің ақылына көркі сай қызы Ғалияны көріп, біріңді-бірің ұнатып үйлендіңдер. Қарағандыда бастаған істеріңді қоймай жалғастыра бердіңдер, сонда-рыңа түскен салпаңқұлақтар аңдумен

болды. Әр жерден жастарға листовка жіберіп жүріп, досың Зейнолла екеуің ұсталып тергеуге түсіп, қанша қорлық көрсендер де ешкімді ұстатпай, өздерің мойындарың алып кете бардыңдар. «Қарағандыда көп ұстамай екеуімізді бөліп, мені Сібірге жіберетін болып, жолда бір зәулім үйге тоқтап, есігі темір, терезесі торланған бір бөлмеге қамады. Сол бөлмеде жалғыз отыр едім, бір кезде есіктен дәу орысты кіргізіп, есікті жауып кетті.Өлгінің түрін көріп секем алып орнымнан тұрдым, екеуімізде де үн жоқ, бір-бірімізді бақылаумен болдық. Бұл тегін адам емес деп Аллага сыйынып, бар күшімді жинап, қарсы келгенде иектің астынан жұдырық сілтедім. Ол шалқалақтап, бұрын үйді жылытуға пайдаланған батарея болса керек соған басын соға құлады. Сол бетінде үнсіз қалып, біраздан соң оны алып кетті. Ол жерде де тексеріп, ертеңінде Сібірге қалың орманға апарды. Ағаштан салған баспана үй бар екен. Апарған конвойлар «жұмысың ағаш кесу, қашсаң атыласың, аюға жем боласың», - деді. Содан ол жерде жүріп 33 жылға кесілген Құнанбай ақсақалмен танысып, көп нәрсе үйрендім. Өзім білмейтін жұлдыздардың атын білдім, - деп айтқан едің.

Салық басқармасы хабарлайды

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯЛАУ 250-ШІ НЫСАН

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі - Комитет) 100 нақты қадам - Ұлт жоспарының 42-ші қадамымен Қазақстан Республикасының азаматтары мен тұруға ықтиярхаты бар тұлғалардың 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап кірістері мен мүлкін жалпыға бірдей декларациялауға көшуі көзделген.

Бұл ретте заңнамаға декларанттардың жағдайын жақсартуға мүмкіндік беретін түзеулер енгізілді, жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларациясы (250.00-ші нысанда декларация) оңтайландырылды, халықтың оқуға, оның ішінде балаларды қоса алғанда, медициналық қызметке ақы төлеуге, банктік несиелері бойынша сыйақы төлеуге арналған шығыстарын шегеріміне жатқызуға мүмкіндіктер берілді, қола-қол ақшаның, сондай-ақ дебиторлық және кредиторлық берешектердің және декларациядағы басқа да активтердің құнын көрсету шегі ұлғайтылды.

Egov.kz "Электрондық үкімет" порталында жеке тұлғаның мүлік туралы мәліметтерді салық декларациясында автоматты түрде толтыру функциялары әзірленді.

Бұдан басқа, азаматтардың декларацияларды ұсынуы үшін «Жалпыға бірдей декларациялау» мобильді клиенттік қосымшасын іске асыру бойынша шаралар қабылданды, және декларацияны электронды түрде ұсынған жағдайда, пайдаланушының авторизациясы СМС-хабарлама арқылы жүзеге асырылатын болады.

Сонымен бірге, ұйымдастырушылық және техникалық мәселелер сипатында бірқатар шешілмеген мәселелер болуына байланысты, соның ішінде уәкілетті органдардың деректер базасының өзекті болмауы және халықтың қаржылық сауаттылық деңгейінің төмен болуы, Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаев мақұлдаған жеке тұлғалардың табыстары мен мүліктерін жалпыға бірдей декларациялауға және бұдан әрі кезек-кезеңімен көшу мерзімін ұзартуды көздейтін ұсыныстар әзірленді.

Ағымдағы жылдың 3ші шілдесінде жалпыға бірдей декларациялауды енгізуді 2020 жылғы 1 қаңтардан 2021 жылғы 1 қаңтарға ауыстыруды және бұдан әрі кезек-кезеңімен көшуді көздейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту және микроарылық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (№262-VI ҚРЗ) Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Бірінші кезеңде - 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап жалпыға бірдей декларациялау

шенберіндегі декларацияны жауапты мемлекеттік лауазымдағы адамдар мен олардың жұбайы (зайыбы), мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар мен олардың жұбайы (зайыбы), мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар мен олардың жұбайы (зайыбы); «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына және «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы», «Ибағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес декларация ұсыну жөніндегі міндет жүктелген адамдар болып табылатын жеке тұлғалар тапсырады.

Екінші кезеңде - 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік мекемелердің жұмыскерлері мен олардың жұбайы (зайыбы), сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жұмыскерлері мен олардың жұбайы (зайыбы) болып табылатын жеке тұлғалар тапсырады.

Үшінші кезеңде - 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары және олардың жұбайы, дара көсіпкерлер және олардың жұбайы тапсырады.

Сондай-ақ, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру, декларациялауға барынша дайындау мақсатында, Комитет жеке тұлғалар мен жалпыға бірдей декларациялауға кезек-кезеңімен көшу бойынша, және «Электрондық үкімет» egov.kz қызметін пайдалана отырып 250.00-ші нысанды декларацияны толтыру бойынша тұрақты негізде түсіндірме жұмыстарын жүргізуді тапсырады.

Бірінші кезеңде 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап декларациялауды мемлекеттік қызметшілер мен олардың жұбайынан, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғалар мен олардың жұбайынан бастау көзделгенін ескере отырып, мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарда түсіндіру жұмыстарын жүргізу кестесін жасау қажет.

Жүргізілетін түсіндіру жұмыстарының тиімділігі үшін көрсетілген санаттағы тұлғалардың «Электрондық үкімет» egov.kz арқылы 250.00-ші нысанды декларациясын ұсынуы барынша пысықтау қажет.

«Салық есептілігін қабылдау» (жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері тура-

лы декларация 250.00 формасы) мемлекеттік қызметтің пайдалану бойынша әр қадамды көрсетілген нұсқаулық қоса беріледі.

Бұл ретте жалпыға бірдей декларациялау қолданушыға енгізілгенге дейін «Салық есептілігін қабылдау» (жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларация 250.00 формасы) қызметі сынақ қызметі болып табылады және тек алдын ала дайындау-ақпараттық мақсаттың көздейтінін, осыған байланысты пайдаланушының оны ұсыну нәтижелері бойынша жауапкершілігі туындамайтынын жеке тұлғаларға түсіндіру қажет.

Алдын ала толтырылған декларацияда көрсетілген мүлік туралы мәліметтердің өзектілігіне ерекше назар аудару қажет.

Тауарларға ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу Құрметті салық төлеушілер!

Мемлекеттік кірістер комитеті тауарларға ілеспе жүкқұжаттарды (ТІЖ) ресімдеу жөніндегі пилоттық жобаны іске асырудың аяқталуын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы арасында 2022 жылғы 30 желтоқсанда бизнесті дамытудың негізгі тәсілдеріне бағдарланған ТІЖ ресімдеу жөніндегі міндеттемелерді түбегейлі қайта қарау жөніндегі ынтымақтастық туралы Меморандум жасалғанын ескере отырып, ТІЖ ресімдеу қағидаларының жобасы әзірленді. Әзірленген жоба келесі санаттар бойынша ТІЖ ресімдеу міндеттемелерін көздейді - 2023 жылғы 10 ақпандан бастап тауарлардың жекелеген түрлері бойынша ЕАЭО экспорты мен импортына;

- 2023 жылғы 1 сәуірден бастап алкоголь, мұнай өнімдері және Қадағалау механизмі туралы келісімге сәйкес қадағалануға жататын тауарлар бойынша, сонымен бірге, ЕАЭО-ның шеңберінде экспорты мен импортына.

Осы бұйрық шеңберінде электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде бар мәліметтерді пайдалану негізінде салықтық бақылау оңтайландырылды.

Еске алу

Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны болған, аяулы анамыз, асыл өкеміз **ЖҰҚАНОВА Мәрия Төлешқызының** фәниден бақиға озғанына наурыз айының 20-да 1 жыл толады.

Біз үшін орны бөлек, бәрімізді тәрбиелеп өсірген жан анамызды еске ала отырып, жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын деп рухына дұға қыламыз.



Бір жыл болды дүниеден өткеніне, Қоштасып мәңгі бізбен кеткеніне. Рухына бас иіп еске аламыз, Амал бар ма тағдырдың өткеліне.

Анажан шаныраққа болдың пана, Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға. Амал не, жоқсыз бүгін ортамызда, Сағындық Ана, сізді баршамызда.

Еске алушылар: балалары, немерелері және Жұқановтар әулеті.

Анамыздың 1 жылдық асы 18-шы наурыз күні сағат 13.00-де Ақсу-Аюлы ауылындағы "Жанқұтты би" мешітінде беріледі.

Асқа ағайын-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, анамыздың көзін көргендерді шақырамыз.

Еске алу

Кеншоқы ауылының тумасы, Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны болған, абзал ұл, қымбатты бауыр, асыл жар, балаларының асқар таудай әкесі (руы Қонырбай) **МҰХАЖАНОВ Әуесбек Төлеубекұлының** өмірден озғанына 40 күн толады. Біз үшін аса қымбатты жан өкемізді, кимас бауырымызды сағына еске алып, жатқан жері жарық, топырағы мамық болсын деп рухына дұға бағыштаймыз.

Сағынар асыл жарың, балаларың, Біз едік қой өзіне паналарың. Арқа сүйер жасашы орманың аралап келгенде осылай кетпекші ме едің? деп сергітпек болдым. Бірақ арнайы келген ажал, емі жоқ обыр алмай қоймады.



Қимас бауырым Кәмел, артыңда қалған адал жарың, балаларың, бауырларың, ел-жұртың аман, бейбіт өмірде болсын!

Өзіңнің жатқан орның мамық, рухың бейбіттің төрінде болғай!

Бауырың АДАМҚҰЛ. Төменгі Қайрақты ауылы.

Сағына еске алушылар: анасы, жұбайы, балалары, бауырлары, туған-туыстары және Мұқажановтар әулеті.

Марқұм өкеміздің 40 күндік асы Ақсу-Аюлы ауылындағы «Мерей» дәмханасында 21-ші наурыз күні сағат 13.00-де беріледі.

Асқа туған-туыстарды, құда-жекжаттарды, көрші-қоландарды, ауылдастары, өкемізбен қызметтес болған жандарды, дос-жарандарын шақырамыз.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ҚазАвтоЖол» ҰК АҚ Қарағанды облыстық филиалы» «Қызылорда-Павлодар-Успенка-РФ шекарасы» автомобиль жолын реконструкциялау жұмыс жобасын әзірлеу шеңберінде орман қоры санаттарының жерлерін көлік санаттарының жерлеріне көшіру бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. «Жезказған-Қарағанды» учаскесі 433-946 км. 833-883 км учаскесі (II іске қосу км 851-883). Қарағанды облысы, Шет ауданы. (20 га орман қорының жерлерін орман шаруашылығымен байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру).

Жария талқылаулар 16.03.2023-17.04.2023 жылдар аралығында бірыңғай экологиялық порталда өтеді. (Ecorportal.kz).

Ұйымдастырушы: «ҚазАвтоЖол» ҰК АҚ Қарағанды облыстық филиалы, БСН 130941002991, +7 (7212) 970156, karguad@mail.ru.

Бас жобалаушы: «Кустанайдорпроект» ПИ ЖШС, БСН 920540000623, +7 (707) 698-7262, dorproject@yandex.ru.

Жергілікті атқарушы орган: Қарағанды облысының «Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, БСН 030540003215, 8 (7212)564127, ba.abdikarimova@karaganda-region.gov.kz.

Ескертулер мен ұсыныстар беру үшін жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда (Ecorportal.kz) танысуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Карагандинский областной филиал АО «НК «ҚазАвтоЖол», уведомляет о проведении общественных слушаний посредством публичных обсуждений по переводу земель категорий лесного фонда в земли категорий транспорта в рамках разработки рабочего проекта «Реконструкция автомобильной дороги «Кызылорда-Павлодар-Успенка-гр. РФ». Участок «Жезказған-Карағанды» 433-946 км. Участок км 833-883 (II пусковой км 851-883)». Карагандинская область, Шетский район. (Перевод 20га земли лесного фонда в земли других категорий для целей, не связанных с ведением лесного хозяйства).

Публичные обсуждения состоятся в период с 16.03.2023 по 17.04.2023 года на Едином экологическом портале (Ecorportal.kz).

Инициатор: Карагандинский областной филиал АО «НК «ҚазАвтоЖол», БИН 130941002991, +7 (7212) 970156, karguad@mail.ru.

Генеральный проектировщик: ТОО ПИ «Кустанайдорпроект», БИН 920540000623, +7 (707) 698-7262, dorproject@yandex.ru.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинский области», БИН 030540003215, 8(7212)564127, ba.abdikarimova@kar aganda - region.gov.kz.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале (Ecorportal.kz) для предоставления замечаний и предложений.